



Л 2006
6011К

КАЗІРГІ
ҚАЗАК
ПОЭЗИЯСЫ

Рафаэль Ниязбек

Жібек
жолы





КАЗІРГІ
ҚАЗАК
ПОЭЗИЯСЫ

Модерн мәдениетінде қазақ поэзиясының
максималық мәдениеттік мөрөннөсіндең мәдениеттік мөрөннөсіндең

Рафаэль Ниязбек

Жібек
жолы

Өлеңдер,
поэмалар



Алматы
«Жазушы»
2005

ББК 84 қаз 7-5

Н 65

*Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат жөне спорт
министрлігінің бағдарламасы бойынша шыгарылды*

Ниязбек Р.

Н 55 Жібек жолы. Өлеңдер.— Алматы: Жазуышы,
2005.— 240 бет.

ISBN 9965-701-76-8

Шешен Республикасы Ичкерияның ен жоғары мемлекеттік “Ұлт намысы” орденінің иегері, Шешен Республикасы Ичкерияның Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, елдік пен ерлікті жырлаудан танбаган тағдырылы ақын Рафаэль Ниязбектің бұл кітабында өтпелі кезеңді өткериң, енсе көтеріп, жібек жалды аргымак мініп, жібек жолдың үстімен көрікті кошін бастап, болашаққа жол тартқан қабырғалы қазақтың асқақ рухы, касиеті мен қасіреті, жаратылыс-табиғаты, болмыс-бітімі биік өреде шынайы суреттелген. Оның қай өлеңі де терең толғаныстан туған. Оқушы жүргегіне сара жол табады дес сенеміз.

Н **4702210202-014**
402(05)-05

ББК 84 қаз 7-5

ISBN 9965-701-76-8

© “Жазуышы” баспасы, 2005

ЖІБЕК ЖОЛМЕН КӨРІКТІ КӨШ КЕЛЕДІ



ЖІБЕК ЖОЛЫ

Күн туса да қандай бір сауырлаған,
Жібек жолды кең дала, тау жырлаған.
Жібектейін жатқасын шұбатылып,
Жығылғанның еш жері ауырмаған.

Бүйра жалды қырларын сағымдаған,
Ұлы Дала ешкімге бағынбаған.
Жиһаз артқан керуен
жібек жолмен
Алтын өзен секілді ағындаған.

Байлық және ағылып тасқындаған,
Сауда қуған кімді де жатсынбаған.
Ұбап-шұбап жосыған керуені
Қарақшыға бұл жолды бастырмаған.

Тасқа қашап, мұң-сырын тауға ақтарған,
Ерлер қанша жат жерде аунап қалған?
Қара жолмен қара жау қаптағанда,
Жібек жолмен сарбаздар жауға аттанған.

Жүргізгенде әмірін Уақыт өктем,
Жауады деп ойлама жақұт көктен.
Қара жолмен жетсе егер қара Қайғы,
Жібек жолмен Бақ жеткен, Бақыт жеткен.

Тіршіліктің көздері бұлактаған,
Жерүйіқтан жұрт бар ма жырақтаған.
Ұлылықтың өзі де
Жібек жолмен
Көшіп келіп Таразда тұрақтаған.

Ел тұледі, бұл шақта қыр тұледі,
Мәңгі-бақи көгімнен Күн күледі.
Жібек жолмен адаспай, Азаттығым
Жеткен шығар еліме, кім біледі?!

САТҮҚ БҮФРА ҚАРАХАН ӘУЛИЕ АТАНЫҢ НҰРЫ

Ажарлы ана туса да күбі піскен,
Жаралғансың жарқ етіп ұлы қүштен.
Өніп-өскен жүрт қанша жер бетінде,
Әулие ата, көзіңнің нұры түскен!

Кәпірлерді басынып қор тұтпаған,
Мұсылманды асырып зор тұтпаған.
Хан да атандың жазықсыз дүшпан қанын
Қара жерге ағызып сорғытпаған.

Бастағанда жұртыңды майдандарға,
Антын бұзып, сертінен тайған бар ма?
Қырық кісі қасыңа ертіп барып,
Сәлем берген батырсың пайғамбарға.

Қолын алып Мұхаммед пайғамбардың,
Кішілігін сен көріп қайран қалдың.
— Бірін шалсан құрбанға жетер, — деді, —
Халық көрсін қызығын жайған малдың...

Кәпірлерден шошынып тұңғылгенде,
Ұлы қүшке айналдың тұғырлы елде.
Бір құдірет бойыңа дарыған-ды,
Пайғамбардың қолын ап, жүгінгенде.

Сол құдірет өлі де өзінде ме,
Туған елге тұспейді көзің неге?
Дала — мұхит болса егер,
қайран қазақ
Алыстарға жол тартқан өршіл кеме.

Шұғылаңа бет шайып жуған шынар,
Сардар болған қашанда сынға шыдар.
Нұрың сенің түскен соң,
Елбасы бол,
Нұрсұлтаны қазақтың туған шығар.

Жосығанда қара бұлт көкте көшіп,
Жетші еліме жүзіңнен көктем есіп.
Әулие ата!
Нұрыңды түсіре гөр,
Дүркіресін туған ел көктеп өсіп.

ЖІБЕК ЖОЛМЕН КЕЛЕДІ КӨШІН БАСТАП

Қабырғалы қазақтың өскен елі,
Жайсаң жүрттың бәрін де дос көреді.
Қаратаяудан қаралы көш құламай,
Жібек жолмен көрікті көш келеді.

Жүгі ауғанға қиналмай көлік бөлген,
Ігі жаңдар жүрт үшін өліп көрген,
Кісілікті ендеше неге ұмытсын,
Келбетіне елінің көрік берген.

Артта қалып жылдардың төбе, белі,
Жетеді өлі Алаштың сөреге елі.
Бекежанның қолынан қаза таппай,
Қосылады Жібекке Төлегені.

Сұлуларға жарқ етіп көз тастаған,
Азамат ер көрікті көш бастаған.
Еркектері егеулі найза болған,
Асқақ елдің басынан сөз аспаған.

Бүкіл өлем қазақты танығалы,
Шырқалуда биқтен Халық әні.
Қара тас та қайраққа айналған-ды,
Еңсөлі елдің намысын жанығалы.

Қара жаудың сұқтанған көзін жасқап,
Естілуде өлемге сөзім асқақ.
Жібек жалды арғымақ мінген Елім
Жібек жолмен келеді көшін бастап.

ЕЛ МЕН ЖЕР НЕМЕСЕ ЖІБЕК ЖОЛЫ ХАҚЫНДА

I

Кесектейін езіліп, уатылған,
Жүрт болса егер жауына кім атылған?
Белдігі осал жігітте бел бола ма,
Жел тұрғанда шыбықтай бүратылған.

Ақ семсері от шашып жарқылдаған,
Сардар мінген қай ат та алқынбаған.

Жау қайда деп ер жігіт шаба ала ма
Атқа мықты тартпасы тартылмаған.

Малдарын да өргізіп өрге айдаған,
Тараз жерін қара орман ел жайланаған.
Ел қорғайтын ер жігіт қылышақта
Тәуекелге сыйынып бел байлаған.

Қорғанына айналған тау, бетеге,
Күшті елдердің шебінен жау өте ме?
Тәуелсіздігін қорғайды кетсе де өліп,
Белін мықтап байлаған Тәуекелге!

II

Аспанына нұр жауып, жыр саулаған,
Қазақ елін кім еміп, кім саумаған?
Жібек жолдан тараған таспа жолдар
Жұмыр жерді жан-жақтан құрсаулаған.

Жамандықтың бәрі де жат көрініп,
Шымыр ескен арқандай қатты өріліп,
Жібек жолы тұрмаса белден байлап,
Кетер ме еді Жұмыр Жер қақ бөлініп?!

Тұла бойын аралап, шумақталып,
Шандып байлап жібек жол құшаққа алып,
Қорғағасын
жігінен ажырамай,
Тұтастығы Жердің де тұр сақталып!

НАМЫСЫНА ТАРАЗДЫҢ ҚЫЛЫШ ӨТПЕЙ

Биіктердің бәріне жолы өрлеген,
Тараз – тарих шаң басып көнермеген.
Сан мың қырғын басынан өткерсе де,
Сауытынан оқ өтіп, ол өлмеген.

Жау басынып басынан секіргенде,
Намыс куып жетім де жетілді елде.
Төбесінен оқ жауған жаңбырдайын,
Қарахан боп қамалы бекінгенде.

Қырылды рас,
қырылды қынадайын,
Бірақ, бірақ қорғамай тұра ма Айын.
Арыстанға үлгерген бәрі айналып,
Сын сағатта сыр бермей бір ағайын.

Қалың жаумен қасарып егескенде,
Қорғанына айналған белес-бел де,
Желпілдеген тұлымы туға айналып,
Қан қырғында Жеңістің желі ескенде.

Қаптағанда дүшпан көз жат көрінген,
Ақтарылып қызыл қан, ақ төгілген.
Намысина Тараздың өтпей жүзі,
Қара жаудың қылышы қақ бөлінген.

ҚАЛА БОЛҒАН БҮЛ ТАРАЗ ТӨРТ ҚАҚПАЛЫ

Бүйым емес жаулардың көп шапқаны,
Таудың қорған болса егер көк қапталы.
Заманында бүл Тараз қала болған
Айдын, айбар асырған төрт қақпалы.

Жер-жаһаннан Жақсылық үйірілген,
Сауық құрган қала еді, жиі күлген.
Айдынында жүзетін емін-еркін,
Аққу құстар адаспай үйірінен.
Торткүл Дүние түп-түгел көрінетін,
Қарағанда Тараздың биігінен.

Қосқан ылғи бәйгеге сөз жаратып,
Адырнасын алысқа созған атып.
Өнері асқан өрісті саналы елге
Жаулар қанша қараған көз алартып.

Жау төнсе егер сескеніп шегіне ме?
Нар қазақтың атылған кегі – жебе.
Кекжал заман өсірген көюжал етіп,
Атқа айқайлад қонбасын ері неге?
Қарахан боп кеудесін тоса білсе,
Қанағман ел жауынан жеңіле ме?!

Ала алмаған қаланы көп дүшпаны,
Қалай деме күлінің көкке ұшқаны.

Алты бақан ала ауыз болса ағайын,
Қалың елдің ішінен өрт шыққаны.

Бірлікте үстап өз жұртын жұдетпеген,
Қай жауды да жерге илеп, білектеген.
Алты бақан ала ауыз болса ағайын,
Кім басынып ол жұртты құл етпеген.

Бұйым емес жаулардың көп шапқаны,
Таудың қорған болса егер көк қапталы.
Заманында бұл Тараз қала болған
Айдын, айбар асырған төрт қақпалы.

ТАРАЗ ҚАЛА

Тараз қала!
Тауларың тағында ма?
Бағым – дала,
сенің де бағың – дала.
Қынабына сұғылған қылыштайын,
Қатер жоқ деп қалғыма, дамылдама.

Тарлан ашқан шағы бұл Таластың да,
Жапырағын жайған кез ағаштың да.
Бөрің жатыр астында бір бөріктің,
Жауың жатыр бұғынып жар астында.

Ажырағың келмесе елдігіңнен,
Көз жазбағын Қарахан – ерлігіңнен,
Бірлігі елдің және де бұзылмасын,
Жауың кесек көрмесін Сені үгілген.

Көшесінде сал жүрген, сері жүрген
Тараз қала!
Ит жоқ па еліңе үрген?
Бауыржан – Рух кигенің сауыт етіп,
Жау ығыспай тұра ма Сені білген.

Қылыш емес,
құшақтар айқасқанда,
Жарқыраған жұлдыздар айлы аспанда.
Жұмак елге өзің де айналасың,
Достар келіп төріңе жайғасқанда.

Кісіліктің тұрғасын үні естіліп,
Кім жетпеген еті арып, түрі ескіріп.
Алатау боп бәрін де қарсы аласың,
Қаратай боп қазына үлестіріп.

СЫПАТАЙ ДЕП ЖАЗАМЫН СӨЗ БАСЫНА

Қызыл тілдің ілінген тиегіне,
Сөздің бәрі үл кунде жүйелі ме?
Анау деп те, Сыпатай, мынау деп те,
Дақ салмағын Сыпатай – сүйегіме.
Білгің келсе айтайын кім екенін,
Тіл тигізбе бірақ та киеліме.

Батыр болған Сыпатай, би де болған,
Жалпақ жұртқа ақ шаңқан үй де болған.
Байтақ дала – домбыра болса егерде,
Көбік шашып тулаған күй де болған.

Жау төңгенде құз жарған жебе болған,
Дау төңгенде мұз жарған кеме болған.
Екіталай құн туса, жүректерден
Тұрғызбасын еліне неге қорған?!

Ел қамын жеп егеулі жыр толғаған,
Заманында Сыпатай кім болмаған?
Ол тәзбекен қиянат, зұлмат бар ма,
Халқын ойлап жанарын мұң торлаған.

Қатар жатқан қырғызды шаппағаны,
Емес шығар батырдың батпағаны.
Анасынан Сыпатай туған еді,
Көрші елді де қатерден сақтағалы.

Таудың қашап, тақтайдай боз тасына
Сыпатай деп жазамын сөз басына.
Кім болғаны батырдың,
Қатар жатқан
Қырғыз елдің қалса егер көз жасына?

Оу, ағайын, туса егер ажарлы ана,
Аруағын батырдың мазалама.
Тазартқанда қырғыздан Алатауды,
Дүние-Әлем күнәдан тазара ма?!

Қылыш заман туғанда борандыған,
Қара Қайғы ат мініп қопандыған.
Мойның бұрап, Сыпатай үзген жоқ па
Қоқаның да желкесін қоқандаған.

Нар тұлғалы, ер мінез ер тұлғалы,
Сыпатайдай сом болса елдің бәрі.
Туған елдің туына иттер үріп,
Тынық күнде бұл қалай жел тұрғаны?!

Сыпатайдай сынған соң білек, белі,
Сұрқылтай ма бұл жұрттың тұлеткені?
Нарық деген аждаһа өзен болса,
Табылмасын неге оның бір өткелі?
Заман бар ма, жалғанда зауал бар ма,
Нар қазақтың жеңбекен жүректі елі.

Жөн білмеген,
бір ауыз сөз білмеген,
Сұрқылтайлар өз жұрттын көзге ілмеген.
Бірақ қандай кездे де,
аман болса,
Орнында бар оңалып, көш түзеген.

ОҚҚА АЙНАЛҒАН БАЙЗАҚ ДАТҚА

Байзақ датқа халқының қамын ойлап,
Өскен еді асаудың жалында ойнап.
Туған елін ту етіп тік көтеріп,
Қара бастың көрмеген бағын тойлап.

Халқын көріп табада қуырылған,
Қынабынан даланың сурырылған.
Балталанып азаппен өлмес еді,
Тайғанда егер сертінен, тұғырынан.

Суық сұсты көздері қанталаған,
Жауыз қолдар батырды балталаган.
Қарағайы Байзақ деп қара орманның,
Бәрі түгел шапқылап жаңқалаған.

Қабағынан сескенбей зеңгір көктің,
Қызыл қанын ағызып ет-жүректің,
Ақырында өлтіріп,
жауыз қолдар
Атқан еді оғы етіп зеңбіректің.

Көзі ақырын жұмылып шоқтай жанған,
Демі үзіліп, жүрегі соқпай қалған.
Батыр Байзақ датқаның денесі енді
Зенбіректің шар добы — оққа айналған.

Қайысқанда қайғыдан белі жердің,
Туған елін қорғамай шегінер кім?
Ойран салып Қоқанға,
оқ боп ұшты,
Байзақ датқа айналып кегіне Елдің!

Жау қолынан ер неге текке өледі,
Көз жұмса да тістеніп кектенеді.
Зенбірекпен атқаны Байзақты оқтап,—
Өз түбіне Қоқанның жеткені еді.

ДІНІ НЕТКЕН ҚАТТЫ ЕДІ БОЗ ДАЛАНЫҢ

*Ұлбикені сойып, өкпесін алтып көрсө, өкпесі
жыбырлап түрган жазу екен. Қөрген журт
ботадай боздалты.*

Мәшіһүр Жұсіп Қоңеев.

Жырың тарап даланың бел-төсіне,
Сардар сөздің айналған серкесіне
Ұлбике ақын сен едің,
жыр-ұнің боп,
Ұя салған бұлбұл құс кеудесіне.

Қарайғаннның бәрі де қыбырлаған
Боз торғай боп кеуденде шырылдаған.
Ақыны едің даланың
Дүние-Әлем
Құлағыңа сыр айтып сыйырлаған.

Қара тобыр жанынды түсінгенде,
Тұлетер ең тұншықпай құсынды елде.
Қара тастың тамыры бұлкілдеген,
Жырың елге сәулесін түсіргенде.

Жұзіп жүрген аққу ең мөлдір көлде,
Тағдыр саған қатерін төндірді елде.
Жұлдыз көзі аспанның ағып түскен,
Өз күйеуің сені ұрып өлтіргенде.

Жаманы көп заманда қарақтаған
Кімдер өсек сыртыңан таратпаған.
Ұлы ақын ең, Ұлбике, айтысканда
Тірі жанды бетіне қаратпаған.

Сырнай тартқан жел үнін тыңдай қалып,
Алаулайтын бал жүзің шымқай жанып.
Балдай тәтті басталған ақын-ғұмыр
Кім ойлаған бітер деп уға айналып?!

Қуыс үйден шыға алмай тыпирлаған,
Тал бойынды жыр кернеп шымырлаған.
Сені сойып өкпене үңілгенде,
Көз тұнған-ды жазуға жыбырлаған.

Жұрты түгел таңырқап боз даланың,
Сен де естідің ботадай боздағанын.
Содан кейін қыз бала көрінбеді
Семсер етіп ұстаған сөз жарагын.

Жұрттың қайтсін ботадай боздағанын,
Кешпегені бұл, сірә, боз даланың.
Күшенсе де тua алмай сендей ақын,
Фасыр бойы жатыры тозды ананың.
...Діні неткен қатты еді боз даланың?!

БАБАЛАРДЫҢ ӨР РУХЫ

Жырынды жау ақылды, есті ме еді,
Сұлу сүмбіл денемді кескіледі.
Боздағаны бір кезде боз даланың
Төбелерден әлі де естіледі.

Жырынды жау ақылды, есті ме еді,
Сүмбіл сұлу денемді кескіледі.
Бабалардың үндері ыңырысыған
Төбелерден әлі де естіледі.

Жүргегінің бойлаған тереңіне,
Естілмесін ол үндер неге еліме?
Аруақтарға бағыштап ас берген-ді
Кеменгер ел келгенде кемеліне...

Ар-ұяты бетінде дуылдаған,
Ата жолын ер бар ма қуынбаған.

Төбелердің астында
бабалардың
Ыстық қаны толқындап сүйнбаған.

Ыстық қанын бойынан сүйтпаған
Бабалардың өр Рухын кім үқпаған?
Төбелердің астынан шыға келіп,
Солар әлі елге жау жуытпаған.

Таразыны тең қойып ақ, қарама,
Бостандық кеп,
Бақ қонған шат далама.
Бабалардың өр Рухы күзетпесе,
Тыныштығы елімнің сақтала ма.

ФАСЫРЛАРДЫҢ КӨЗІНЕ ҮҢІЛГЕНДЕ

Фасырлардың тығулы көмбесінде
Құпия көп Тараздың өлкесінде.
Ей, жолаушы, тарихы жатыр әлі
Жер астының құм көмген көрпесінде.

Өмір, Өлім найза ұстап егескенде,
Кім қалмаған шаңға аунап белес-белде.
Ақ сарайдың сарқытын сен табасың
Данагөйлер жайғасқан кеңескенде.

Көкке биік көтерген ғұламаны
Сен табасың қираған мұнараны.
(Мұнарасы құласа батыр елдің,
емес шығар туының құлағаны.)

Жаулар жұртын бір жерге жинап атқан,
Сен табасың қаланы қирап жатқан.
Сұлулардың сырғасын сен табасың
Жауыз қолдар тұтқындап сыйға тартқан.

Ел басына төнгенде қатерлі күн,
Қайқы қылыш қазактың Ата Ерлігін
Шежіреден табасың,
Жырға айналған
Уақыттың бетке айтып қателігін.

Қалың жауға қаласын талқандатып,
Қаншама жұрт қырылды қанға батып.

Фасырлардың көміліп шаңы астында,
Тарих қанша ыңырысып қалған жатып.

Сағымдардың пердесі түрілгенде,
Ойлы көзбен өткенге бұрылды ел де.
Көне Тараз тарихын сен үғасың,
Фасырлардың көзіне үңілгенде.

БАБА ӘЖЕ МЕН АЙША ҚЫЗ НЕМЕСЕ БАЛАСЫН САТҚАНДАР ХАҚЫНДА

I

Қатер бұлты тұрса да төніп көктен,
Аналарды ұрпағы көрікті еткен.
Жылан шаққан Айшаны құтқарам деп,
Уын сорып, Баба әже өліп кеткен.

Құйын борап, мезгілде жел есірген,
Кім құтылған ажалдың жебесінен.
Өлетінін Баба әже білді, өрине,
Айша қыздың у сорған денесінен.

Ара түсе алмаған ұрпағына,
Уақыттың айналған ұнтағына.
Жұмыр басын қатерге байлайтындей,
Баба әженің Айша қызы туғаны ма?
Ізгі ана боп жаралса қайран әже,
Неге көнсін тағдырдың бұлтағына.
Құтқарам деп аруды,
өзі айналып
Кете барған ажалдың құрбанына.

II

Есенгіреп Нарықтың жебесінен,
Адасты ма бұл шақта ел есінен.
Неге сәби жат жұртқа сатылады
Ажыраған құлышындей енесінен?

Сақтау үшін өзінің қара басын,
Үйден тірі шығарып “жаназасын”,
Ана қанша сәбиін жатқа сатқан
Жарып шыққан жұмыртқа — қаназасын.

Көз жаздым дел үміттің елесінен,
Ана болса танады неге есінен?
Тумаса да Баба әже ана екен ғой
Айша қыздың у сорған денесінен.
Шырқырамай жат жерде жұрсін қалай,
Ажыраған құлындар енесінен?!

III

Көк қағазға тағдырың байланғасын,
Дан-дүң ойдан арылсын қайдан басың.
Елдігіңнен не пайда,
Бала сату
Күнкөрістің қамына айналғасын?

Жылан безге айналып сезімдері,
Ұрпағынан бұл қалай безінгені?
Туды ма әлде қатыбас кәпір заман
Қарамайтын жетімге, жесірге елі?!

Шыдаса да бәріне сауыт-денем,
Бұл сүмдышты мен қалай сауық көрем?
Келсе өмірге бір сәби...
ертең ол да
Кете ме деп сатылып қауіптенем.

КӨНЕ ТАРАЗ МҰҢЫ

I

Сұңгітсе де көк сұңгі бал таңдайға,
Қарсы түрдым талтайып талтайғанға.
Қала болғам еңкейген еңкейгенге,
Қала болғам шалқайған шалқайғанға.

Ақ семсердің жүзінде серт еткенмін,
Тектілерді бесік боп тербеткенмін.
Аттың жалы, өркешті түйе үстінде
Қару-жарақ жастанып ер жеткенмін.

Қабырғасын жаулардың күйреткенмін,
Шыбын жанын шыңғыртып сүйреткенмін.
Бөрі қала атанаң, өзім туған
Бөлтірікті тістелеп үйреткенмін.

Жаны сірі сірескен сіңірденмін,
Тұқымы өсіп, жалданған тұғырлы Елмін.
Жұмыр басым жұлынса,
сау қалсын деп,
Тамырымды теренге сіңіргенмін.

Бүгілмейтін тізені бүктіргенмін,
Басын төмен идіріп, күттіргенмін.
Шіренгендер төріме түкірсе егер,
Тілін кесіп, мата етіп сұрттіргенмін.

Буыршындай жығылған қанға тайып,
Заман қанша өткерген алмағайып.
Ғұмыр бойы тұспедім ат үстінен,
Ел қүзетіп,
күндіз-тұн мал да жайып.
Нар халқымды жұмаққа жеткізsem деп,
Өмірді аңсан жанықтым таңғажайып.

Жер бетінде жұрт жокта жау сағынған,
Соғыстардан тас жанып, тау шағылған.
Қырғын жылы оталған орман қанша,
Қан тамшылап талдардың саусағынан.

Күнге қарап жыладым жылағанда,
Айға қарап құладым құлағанда.
Жаһаннамға бәрін де жөнелткенмін,
Жаулар келіп жанымды сұрағанда.

Сұңгітсе де көк сұңгі бал таңдайға,
Қарсы түрдым талтайып талтайғанға.
Қала болғам еңкейген еңкейгенге,
Қала болғам шалқайған шалқайғанға!

II

Қара қытай қан тартып қаптағанда,
Өліктері шашылып жатты аланда.
Көп екен деп қорқам ба,
Сарбаздарым
Топырлатып отқа әкеп қактағанда.

Ай тұтылған қырғында, Күн тұтылған,
Шын төнгенде ажалдан кім құтылған.

Қанды өзенге түп-түгел тоғытқан-ды
Сарбаздарым жау ізден кіл жұтынған.

Бұршақтайын жауса да оқ түнеріп,
Қалың жауды жайпаған соққы беріп.
Үрейі ұшқан қытайдың,
сарбаздардың
Көздерінен қып-қызыл шоқты көріп.

Көп болса да өз күшін шамалаған,
Қытай қашан қазақты табалаған.
Содан қайтып Таразға бір беттемей,
Ұлы Қытай қорғанын панағаған.

III

Жабылған жау көп еді,
Шие бөрідей қаптаған.
Тажал боп елге төнеді,
Ажал боп есік аттаған.
Екі көзім тәрт болды,
Көкірегіме өрт толды.

Қылышымды сермегенде
жаудың басы
қынадай қырқылды.
Кеудемді кек кернегенде
Сүр жебе тесіп өтпеген
Ақ сауыттым жыртылды.

Аздығымды ескермей,
Арыстан айбатпен айқастым.
Көптігінен жаудың сескенбей,
Жолбарыс жүрекпен шайқастым.

Найзам қысқарып,
жебедей болды.
Саспадым.
Жебем қысқарып,
Тебендей болды.
Қашпадым.

Қала қирап, түсті де шалқасынан,
Далаға айналды.
Берілмедім.

Далам қан сасыған
Молаға айналды.
Женілмедім.

Сөніп бара жатып та,
Сүр тастай безеріп,
Кек болып тебіндедім.
Әліп бара жатып та,
Ерінім кезеріп,
“Кегім!” – дедім.
Сонда да туған жерімнен
Екі елі кейін шегінбедім.

Топыраққа жатса көміліп,
Қайтеді өкпем қысылмағанда.
Құм құйылған көзіме,
Ашу-ыза өріліп,
Не істемекпін қызынбағанда?
Бұзылар ма еді сауытым,
Көбесінен сөгіліп,
Бірлігі Елдің бұзылмағанда!

ЖАҢА ТАРАЗ ЖЫРЫ

Сырласып Абай тілінде,
Жамбыл боп және жырлаймын.
Сайраған бұлбұл үнінде,
Фасырлар тартқан сырнаймын.

Жәдігер шаһар екенмін,
Тәңірден ғана бата алған.
Бақ қонған құтты мекенмін,
Әулие қала атанған,
Жыр-Жамбыл қала атанған.

Кісіліктің адап жолында
Қанатым қанша талдырган.
Шаһармын дала жонында
Тараз боп қайта жаңғырган.

Уақыт жаза басқанда,
Шыңғырган шындық – шынармын.
Елімнен ерлік қашқанда,
Мойнымды кімге бұрармын.
Қазақты қорғап қырылған
Сталинді сөккен Тұрармын.

Жамбылмын сері сексенде
Ару қыз аңсап тулаған.
Алатауға шаншып ексең де
Кененмін қайта тумаған.

Толтырған малға кең төсін,
Қазына, байлық – даламын.
Бауыржанның батыр кеудесін
Сауыт қып киген қаламын.

Қонданып жұртым оңалып,
Қойлары егіз қоздаған.
Құрыған мәңгі жоғалып
Ботаның үні боздаған.

Өзгеріп өмір, өнделіп,
Жаңғырып, түлеп жатқанда,
Күш бар ма кетер төңкеріп,
Азаттық алған ақ таңда.

Болашақ күнге жол тартқан,
Көрікті қөштің өзімін.
Ізгілік-сәби толғатқан
Тіршіліктің қайнар көзімін.

Күн кешіп Алла бүйірған,
Маздатқан отын тірліктің,
Қорғасындар тұтас құйылған,
Қорғаны күшті Бірлікпін!

ТАРАЗ ҚАЛА ЕРЛІККЕ БАУЛЫМАСА...

Тараз қала Отаны елдігімнің,
Тараз қала Отаны ерлігімнің.
Ұлы Дала төсіне орнаған-ды,
Көз жасына шыланып шерлі күннің.
Оқтай түзу тартылған көше жолы
Өзі емес пе созылған белдігімнің.

Шуағына шомылған самаланың,
Тараз қала – шарқ үрған шағала әнім.
Тулап аққан Таластың толқындары
Толқынына ұласқан замананың.

Тараз қала мандайын Құнгे беріп,
Келеді әлі қызығын бірге көріп.
Қарт Қаратату қайғыдан қайыспаған
Ғасырлардың салмағын түр көтеріп.

Жау шапқанда қаланы қаусатқалы,
Қорғанына айналған тау шатқалы.
Қай жаудың да қарысқан алқымында
Кең даланың сексеуіл – саусақтары.

Заманында көк бөрі Қараханның
Ерлік қанға құйылып тараған мың.
Тонаса да ғасырлар аш көзденіп,
Табанына түспеген талағанның.

Онда адамдар жем болмай бектергіге,
Айналған-ды қекжалға, көк бөріге.
Елін қорғай білетін, жерін қорғай....
Қайқы қылыш сілтепей көктеміне.
Кейде өзім де кетемін бүркіт аруақтанып,
Ерлік көзбен үңілсем өткеніме.

Нұр төгіліп тұрса да тұр-өңінен,
Қай жаудың да етегін түре білген
Тараз қала мекені батырлықтың,
Ерліктердің сомдалған жүрегінен.

Биігінен көрінген неше белдің,
Бірі, сірә, шығармын көшелі ердің.
Тараз қала ерлікке бауымаса,
Атанам ба батыры шешен елдің.

АСПАНЫҢДА ТАРАЗДЫҢ ЖҰЗГЕН АРАЙ

Серік Әбікенұлы Үмбетовке

Поэма

I

Аспанында Тараздың жұзген арай,
Айналады сұрланған күзге қалай.
Көңілімнің өксіген шерлі өзені
Тулап ағып жол тартты сізге қарай.